

Щучинск қаласының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 21 шілдедегі № а-7/275 қаулысы және Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 шілдедегі № 8С-6/3 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 2-тармағы мен 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2023 жылғы 28 сәуірдегі қорытындысы негізінде, Бурабай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Бурабай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Щучинск қаласының келесі құрамдас бөліктері қайта аталсын:

- 1) Заречный 1 линия шағын ауданы Абай көшесіне;
- 2) Октябрьская көшесін Еркін Әуелбеков көшесіне;
- 3) Коммунистическая көшесін Рақымжан Қошқарбаев көшесіне;
- 4) Трудовая көшесін Талғат Бигелдинов көшесіне;
- 5) С. Разин көшесін Балуан Шолақ көшесіне;
- 6) Пугачев көшесін Марфуға Бектемірова көшесіне;
- 7) Едомский көшесін Бауыржан Момышұлы көшесіне;
- 8) Абай Құнанбаев көшесін Қылшақты көшесіне.

2. Осы бірлескен Бурабай ауданы әкімдігінің қаулысы мен Бурабай аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бурабай ауданы әкімінің міндетін атқарушы
Бурабай аудандық мәслихатының төрағасы*

*Б.Махметов
М.Нұрпанова*